

1. ЖАРЫС МАҚСАТТАРЫ

1.1. БАЛАЛАРДЫҢ ЖҮГІРУ ЖАРЫСЫН ӨТКІЗУ МАҚСАТЫ:

- Алматы марафоны негізгі жүгіру жарысын насихаттау;
- жүгірушілерді негізгі Алматы марафоны жүгіру жарысына дайындау;
- юниорлардың келесі жарыстарға қатысуы үшін қолайлы жағдай туғызу;
- салауатты ұлтты қалыптастыру.

2. ЖАРЫСТЫҢ ЖЕТЕКШІ ҰЙЫМДАРЫ

2.1. «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қоры жалпылама жетекшілік етеді.

2.2. Жарысты дайындау мен өткізуді ұйымдастыру Ұйымдастыру комитетіне (бұдан былай - Ұйымкомитеті) – «Бірінші болу - батылдық» корпоративтік қорына жүктеледі.

3. ЖАРЫСТЫҢ ӨТЕТІН ОРНЫ МЕН УАҚЫТЫ

3.1. Жарыстың өтетін күні мен уақыты: 1-маусым 2019 ж. (сенбі), 7.00 бастап 11.00 дейін.

3.2. Өтетін орын: «Атакент» KIBO аумағы.

4. ҚАШЫҚТЫҚТАР МЕН ЖАС САНАТТАРЫ

4.1. Жарыс бағдарламасына төмендегілер кіреді:

3 жастан бастап 4 жасқа дейінгі балалар үшін - 200 м;

5 жастан бастап 9 жасқа дейінгі балалар үшін - 500 м;

10 жастан бастап 14 жасқа дейінгі балалар үшін - 3 км.

4.2. ЖАС САНАТТАРЫ

Жүгіру жарысының жас санаттары:

3-4 жас;

5-9 жас;

10-14 жас.

5. ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

5.1. Жүгіру жарысына 3 жастан бастап 14 жасқа дейінгі балалар туу туралы куәлігі, ата-анасының жеке бас куәліктерінің көшірмесі және ата-аналардың қолхаты болған жағдайда жіберіледі;

5.2 Бір уақытта бірнеше қашықтыққа қатысуға тыйым салынған.

6. ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ШЫҒЫНДАРЫ

6.1. Жарысты ұйымдастыру мен өткізу шығындарын Ұйымкомитеті көтереді.

6.2. Жол, орналасу және тамақтану шығындарын іссапарға жіберген ұйымдар немесе қатысушылардың өздері төлейді.

7. ЖЕҢІПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

7.1. 200 метр қашықтыққа жүгіруден 3 жастан бастап 4 жасқа дейінгі қыздар мен ұлдар арасындағы қатысушыларды 1-3 орын үшін марапаттау.

Жеңіпаздар мен жүлдегерлерге мақтау қағазы, алқа және бағалы сыйлық беріледі.

7.2. 500 метр қашықтыққа жүгіруден 5 жастан бастап 9 жасқа дейінгі қыздар мен ұлдар арасындағы қатысушыларды 1-3 орын үшін марапаттау.

Жеңіпаздар мен жүлдегерлерге мақтау қағазы, алқа және бағалы сыйлық беріледі.

7.3. 3 км қашықтыққа жүгіруден 10 жастан бастап 14 жасқа дейінгі қыздар мен ұлдар арасындағы қатысушыларды 1-3 орын үшін марапаттау.

Жеңіпаздар мен жүлдегерлерге мақтау қағазы, алқа және бағалы сыйлық беріледі.

7.4. Жүгіру жарысының мәреге жеткен барлық қатысушыларына мәреші алқасы беріледі.

8. ТІРКЕЛУ ЖӘНЕ ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУҒА РҰҚСАТ БЕРУ ШАРТТАРЫ

8.1. Қатысушыларды тіркеу www.almaty-marathon.kz сайтында 2019 жылғы 6- мамырда басталып, 2019 жылғы 26-мамырға немесе қатысушылардың жалпы саны 350 адамға жеткенге дейін жалғасады.

8.2. Онлайн- тіркеу процедурасынан өткен және нақты осы жүгіру жарысына тіркелу фактісі бойынша берілген ID-нөміріне сай сөре жарнасын төлеген қатысушы тіркелген болып есептеледі. Қатысушылар тізіміне ақысы төленген өтінімдер ғана қосылады.

8.3. Тіркелу және сөре жарнасын төлеу арқылы қатысушы Жарыстың ережелерімен келіседі..

8.4. Сөре жинақтары Алматы қаласы, Наурызбай батыр көшесі, 89 мекенжайында орналасқан «World Class Almaty» фитнес-клубында 2019 жылғы 30-мамыр күні сағат 10:00 бастап 20:00 дейін беріледі.

Назарларыңызға! Сөре жинақтары өзге күндері берілмейді.

8.5. Қатысушы жинағы таратылатын кезде берілетін құжаттар болғанда ғана қатысушылар жарыстарға жіберіледі:

Барлық қатысушыларда болуы міндетті құжаттар:

- Туу туралы куәліктің көшірмесі;

- Ата-ананың жарысқа қатысуға рұқсат беру туралы қолхаты;
- Қолхаттарға жеке қол қойған ата-ананың жеке бас куәліктерінің көшірмелері.

8.6. Сөре жарнасы:

Барлық қатысушылар үшін 2000 тенге.

8.7. Жүгіру жарысына қатысуға төленген қаражат қайтарылмайды.

8.8. Сөре нөмірі жоқ қатысушылар жарыстарға жіберілмейді

8.9. Жарысқа қатысуға төленген қаражат қайтарылмайды.

Қате немесе өзге біреудің ID-нөміріне жіберілген қаражат қайтарылмайды және өзге қатысушыға аударылмайды.

8.10. Сөре нөмірлері жоқ қатысушылар жарысқа жіберілмейді.

9. ЖАРЫС БАҒДАРЛАМАСЫ.

СӨРЕ

07.00 – 07.30 Қатысушылардың жиналуы.

07.30 – 07.50 Жүгіру жарысы ережелерінің жария етілуі. Бой жазу.

07.50 – 08.00 Жүгіру жарысының қашықтықтарына бөлу.

08.00 200 м қашықтыққа Жүгіру жарысының басталуы. Есептелген уақыт - 10 минут.

08.10 500 м қашықтыққа Жүгіру жарысының басталуы. Есептелген уақыт - 20 минут.

08.30 3 км қашықтыққа Жүгіру жарысының басталуы. Есептелген уақыт - 40 минут.

МӘРЕ

08.05 – 08.10 200 м қашықтыққа бірінші болып мәреге жетушілердің есептелген уақыты.

08.20 – 08.30 500 м қашықтыққа бірінші болып мәреге жетушілердің есептелген уақыты.

08.50 – 09.10 3 км қашықтыққа бірінші болып мәреге жетушілердің есептелген уақыты.

08.30 – 09. 200 м және 500 м жүгіру жарысына қатысқан 3 жастан бастап 9 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздарды 1-3 орындар үшін марапаттау.

09.20 – 09.30 3 км жүгіру жарысына қатысқан 10 жастан бастап 14 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздарды 1-3 орындар үшін марапаттау

09.45 Мәре аймағының жабылуы.

200 м қашықтықты өтуге берілген уақыт шектеуі – 10 минут

500 м қашықтықты өтуге берілген уақыт шектеуі – 20 минут

3 км қашықтықты өтуге берілген уақыт шектеуі – 40 минут

10. НӘТИЖЕЛЕРДІ САНАУ ЖӘНЕ ЖЕҢПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ

10.1. Жүгіру жарысына қатысушылардың нәтижесі электронды хронометраж жүйесі арқылы тіркеліп, оны сот алқасы растайды. Жүгіру жарысының жеңіпаздары мен жүлдегерлері қатысушының мәре уақыты бойынша анықталады.

10.2. Сот алқасы. Төрешілер жарыс ережелерінің сақталуын, спорттық доданың әділ және адал жүргізілуін, ал жеңіпаздың объективті түрде анықталуын мұқият бақылайды. Осы жарыста қызмет көрсететін барлық спорт төрешілері сот алқасын құрайды.

10.2.1. Сот алқасына кіретіндер:

- **Жарыстардың бас төрешісі**

Бас төреші жарыстар өтетін орынның дайындығын алдын ала тексереді, төрешілерді жекелеген жұмыс аймақтары бойынша бөледі және олардың өз міндеттерін орындауын бақылайды. Жарыстар аяқталған соң бас төреші іс-шара туралы есеп құрады және онымен қоса жарыстар нәтижелерін Ұйымкомитетіне ұсынады.

- **Жарыстардың бас хатшысы**

Жарыстардың бас хатшысы хаттамаларды өңдейді және нәтижелерді шығарады, төрешілерге, қатысушылар мен көрермендерге сөрелердің барысы туралы уақтылы ақпарат беру үшін қажетті материалдарды құрастырып, соңында нәтижелер бойынша жалпы есебін шығарады.

- **Сөре-мәре аймағының төрешілері**

Сөре-мәре аймағының төрешілері спортшылардың қашықтыққа кластерлер бойынша баруын, сөре кезінде ережелердің сақталуын, ешкімге артықшылықтар берілмеуін қадағалайды. Төрешілер мәре түзуінде алғашқы 10 мәрешіні мәре хаттамаларына тіркейді. Хаттамалар нәтижелерді хронометраж жүйесімен салыстыру үшін бас төрешіге беріледі.

Сот алқасына кәсіби спортшылар мен мамандарды шақыруға рұқсат етіледі.

11. ЖҮГІРУ ЖАРЫСЫНЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

11.1. Ресми нәтижелер www.almaty-marathon.kz сайтында іс-шара аяқталған соң 24 сағат ішінде жария етіледі;

11.2. Жарысқа қатысушының нәтижесі тек сөре нөмірі дұрыс орналасқан жағдайда белгілеп алынады. Сөре нөмірі анық көрінуі тиіс, сөре нөмірін жарысқа қатысушының кеудесіне тағу қажет;

11.3. Жарыстардың Ұйымкомитеті төмендегі жағдайларда әрбір қатысушының жеке нәтижеге ие болатынына 100% кепілдік бере алмайды:

- Чиптің дұрыс тағылмауы;
- Қатысушы-участник өзге қатысушының чипімен жүгірсе;

- Чиптің магнитсізденуі;
- Сот алқасының шешімімен жарыстан аластату.

11.4. Қатысушы бір немесе одан көп чек-пойнттарда белгіленбеген жағдайда Ұйымкомитеті қатысушыны жарыстан аластату туралы соңғы шешімді қабылдау құқығын сақтайды.

11.5. Нәтижелерді шығару кезінде пайдаланылатын терминдер:

- DNS – Did not start (қатысушы сөреге шыққан жоқ)
- DNF – Did not finish (қатысушы мәреге жеткен жоқ)
- DSQ – Disqualified (қатысушы жарыстан аластатылды)
- Мәре уақыты – қатысушының сөре белгісінің берілуінен бастап мәре маттарынан өткенге дейінгі уақыты.
- Чип уақыт – қатысушының сөре маттарынан өтуден бастап мәре маттарынан өткенге дейінгі уақыты.

МАҢЫЗДЫ! Жүгіру жарысының жеңіпаздары мен жүлдегерлері қатысушының мәре уақыты бойынша анықталады. Абсолюттік уақыт чипімен анықталады.

12. НАРАЗЫЛЫҚТАР МЕН ШАҒЫМДАР

12.1. Наразылықтар Ұйымкомитетіне беріледі және оларды сот алқасы қарайды.

12.2. Қатысушы іс-шара аяқталғаннан кейін 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде шағым беруге құқылы.

Шағымдар info@almaty-marathon.kz электронды мекенжайына жіберіледі.

Шағым беру кезінде төмендегі мәліметтерді көрсету қажет:

- аты-жөні (аты көрсетілмеген шағымдар қаралмайды);
- шағымның мәні, шағымның мазмұны;
- шағым жасауға түрткі болған негіздер (фотосурет, жеке секунд өлшеуіш, субъективті пікір және т.б.).

12.3. Ұйымкомитеті шағым және наразылық берілген сәттен бастап 24 сағат ішінде шағым жіберілген электрондық мекенжайға бағытталатын ресми жауап дайындайды.

12.4. Шағымдар тек қатысушылардан қабылданады.

13. БАҚ АККРЕДИТТЕЛУІ

13.1. БАҚ аккредиттелуі алдын ала өтеді. Аккредиттеу үшін мәліметтерді (БАҚ атауы, тілші, оператор, фотографың аты-жөні, байланыс нөмірі мен e-mail) prmanager@almaty-marathon.kz поштасына жіберу қажет.

14. АҚПАРАТ КӨЗДЕРІ

14.1. Іс-шара туралы толық ақпарат www.almaty-marathon.kz сайтында, сонымен бірге мына әлеуметтік желілердің аккаунттарында көрсетілген:

<https://vk.com/almatymarathon>

<https://www.facebook.com/almatymarathon/>

<https://www.instagram.com/almatymarathon/>

t.me/almaty_marathon

Жарыстың Ұйымкомитеті өзге ақпараттық ресурстардағы мәліметтер үшін жауапкершілік көтермейді.

Осы ереже жарысқа қатысуға ресми шақыру болып есептеледі.